

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің мүдделерінде геокеңістіктік ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 186 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 45 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің мүдделерінде геокеңістіктік ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 186 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Сәкен Әділханұлы Жасұзақовқа Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің мүдделерінде геокеңістіктік ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев